# «ЖЫЛ МЕЦЕНАТЫ»



Ауданға танымал меценат, ауданның Құрметті азаматы Пахриддин Тұрғанбаевтың өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуына қосқан үлесі қомақты. Ол 1986 жылдан бастап аудан халқын қатты отын көмірмен қамтамасыз етіп келе жатқанын ел жақсы біледі. Одан өзге аудан орталығында үш монша және бір құрылыс заттары дүкені ел игілігіне қызмет етіп келеді. Айрықша айта кететіні, үш монша да қарттарға тегін қызмет көрсетеді. Кәсіпкер үшін биыл табысты жыл болды. Жыл басында Иппадром аумағынан «Белес» атты қоғамдық моншасын іске қосты. Сәтін салса, кент орталығында тағыда қос қабатты ғимаратының құрылысы қарқынды жүруде. Ал кәсіпкердің иелігіндегі «Ақсу» моншасы қайта күрделі жөндеу жұмысынан кейін 2020 жылы пайдалануға беріледі. Міне келер жылдан көп үміт күтіп отырған Пахриддин ағамыз «Жыл меценаты» аталымына әбден лайықты. Өйткені, жомарттыққа жаны құмар кәсіпкер ағамыз қашанда қайырымдылық акцияларынан қол үзген емес. «Оң қолың берген садақаны, сол қолың көрмесін» деген аталы сөзді ұстанған ел ағасының демеуін сезінген отбасылар жетерлік. Осындай елге еткен елеулі еңбегі еленіп, 2016 жылы Ататүрік халықаралық қоғамдық бірлестігінің атаулы орденін кеудесіне таққан.



# «ҮЗДІК САҚШЫ»

Сұлтанахмет Әбуов. Аудандағы жол белгілеріне жауапты полиция қызметкері. Тоқсан сайын жол жағдайлары мен белгілерін зерделеп, қадағалап, әкімдіктерге ұсыныс айтып, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне нұсқау беру оның құзырында. Сондықтан, аудандық полиция бөлімі жылдың үздігіне Сұлтанахмет Нышанқлын лайықты деп таныды.

Ол қазір бөлімде әкімшілік полиция қызметкері, мемлекеттік инспекторы. Бұл қызметті 2015 жылдан бері атқарып келеді. Жалпы еңбек жолын 2004 жылы қақалық ішкі істер басқармасында бастайды. Одан кейін аудандық полиция бөлімінде сегіз жылдай уақытша изоляторында қызмет етеді. Қорқыт атаында,ы Қызылорда мемлекттік университетінде жол қозғалысын ұйымдастырушы мамандығын бітірген кейіпкеріміз бүгінде отбасылы. Жары Әлия Бақытқызы екеуі 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр. Бір қызығы, отбасындағы екі ұл мен екі қыз егіз. Бұл аудан тарихында өте сирек кездесетін жағдай. Сондықтан, қызметіне адал Сұлтекеңді біз де үздік деп баға бердік.



## «БАЙКЕН-U» ЖШС МЕКЕМЕСІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

«Байкен-U» ЖШС мекемесіне қарасты, ұңғымаарқылыжерастышаймалауәдісімент абиғи уран өндіретін СолтүстікҚорасанкен орны,Қызылордаоблысының Жаңақорған елді мекенінен 22 шақырым қашықтықта орналасқан.

Геотехнологиялық алаңында құрамындаураны бар өнімді ерітіндіні жер бетіне 630-670 м тереңдіктен, қатарлы не ұялы орналасқан технологиялық ұңғылар жүйесі арқылы көтереді.Технологиялық ұңғылар полиэтилен немесе ПВХ трубаларымен, ал өнімді қабат стандартты дискілі не саңылаулы сүзгімен қамтамасыз етілген.

Шаймалау реагенті – күкірт қышқылының сұйытылған, концентрациясы 5-25г/л аралықта болатын ерітіндісі. Күкірт қышқылы сұраныс бойынша шойынжол цистерналарымен жеткізіліп, ол жерден қышқылды ерітіндіні тасымалдауға рұқсаты бар арнайы автокөліктермен өндіріс алаңына тасымалданады. Шаймалау реагенті негізінен тек жер асты артезиянды өнімді қабаттағы сумен дайындалады. Дайындалған ерітінді технологиялық процесс барысында сору – құю жүйесі бойынша тепе – теңдікте айналады.

Өнімді жиек регинальды су тіректерімен, яғни плиоцин – төрттік су қабатымен араласпайтын, исіңгіш саз қабаты арқылы сенімді шектеліп, гидроизоляция талабын толықтай қамтамасыз етеді. Сол себептен шаймалаушы ерітіндінің жер бетіндегі су мұраптарына, Сырдария өзенінің суына қатысы жоқ.

Шаймалау ерітіндісін, өнімді жер қойнауына арнайы енгізілген құю ұңғымасы арқылы жеткізіп, өнімді ерітіндіні сору ұңғымасында орналасқан сорап арқылы сыртқа шығарылады.

Өндірілген өнімді ерітінді құбыр арқылы, сорбциялық-десорбциялық колонноларға жеткізіліп, ионауыспалы шайырдың көмегімен металл (уран) ажыратылып, қалған ерітінді қажетті мөлшерге дейін қышқылдандырылып, технологиялық процеске қайта жіберіледі. Қышқылды ерітіндіні тасымалдайтын құбырлар қышқылға төзімді полиэтилен, ПВХ және де тотықпайтын материалдардан жасалынған. Өндірістің барлық процесінде қышқылды тасымалдау, сақтау, үнемді пайдалану қатаң бақылауда. Бұл бақылау экономикалық және экологиялық тұрғыдан өте пайдалы.

«Радиациялық бақылау кезеңдік өлшем уақыты сақталынып, тоқсандық ақпарат жасалынып, бақылау органдарының сұранысы бойынша керекті ақпарат жіберіліп отырады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 128 бап 7 тармағындағыдай кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында өндірістік экологиялық бақылауды тағайындау және оның мақсаттары бойынша «Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінде тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылау жүргізіледі. Өндірістік зкологиялық бақылау арнайы аккредитацияланған лабораториясы, рұқсаты бар мекемемен келісім шарт бойынша жүргізіледі. 2019 жылдың І-ІІІ тоқсандарындағы өндірістік зкологиялық бақылау есебінің нәтижелері бойынша ластаушы заттардың атмосфераға шығындыларының, ластаушы заттардың төгінділерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарының көлемі санитарлық қорғау аймағында рұқсат етілен шекті нормативтерден аспайды және олар төмендегі кестелерде көрсетілген.

**№ 1 кесте**

**Атмосфералық ауа**

| *Бақылау нүктелерінің №* | *Ластаушызаттардың атаулары* | *Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) I тоқсан* | *Нақты бақылау нәтиже-сі (мг/дм³) I тоқсан* | *Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм3) III тоқсан* | *Белгіленген норма-тив (рұқсат етілген шекті норматив), мг/м³* | *Экологиялық ахуалды жақсарту және бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | | 5 | 6 |
| 1 | Азот диоксиді | 0,0121 | 0,0133 | 0,0121 | 0,2 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Азот оксиді | 0,0012 | 0,0011 | 0,0015 | 0,4 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртек | 0,027 | 0,0145 | 0,0137 | 0,15 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт диоксиді | 0,0111 | 0,0187 | 0,0123 | 0,5 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртегі оксиді | 0,023 | 0,054 | 0,0377 | 5,0 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт қышқылы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Шаң | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| 2 | Азот диоксиді | 0,0211 | 0,0145 | 0,0111 | 0,2 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Азот оксиді | 0,0044 | 0,0043 | 0,0032 | 0,4 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртек | 0,011 | 0,0166 | 0,0125 | 0,15 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт диоксиді | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,5 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртегі оксиді | 0,011 | 0,010 | 0,0155 | 5,0 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт қышқылы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Шаң | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| 3 | Азот диоксиді | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,2 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Азот оксиді | 0,0232 | 0,0145 | 0,0111 | 0,4 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртек | 0,024 | 0,0321 | 0,0145 | 0,15 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт диоксиді | 0,0137 | 0,0133 | 0,0121 | 0,5 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртегі оксиді | 0,011 | 0,0 | 0,0 | 5,0 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт қышқылы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Шаң | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| 4 | Азот диоксиді | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,2 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Азот оксиді | 0,0255 | 0,0233 | 0,045 | 0,4 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртек | 0,0935 | 0,0245 | 0,0133 | 0,15 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт диоксиді | 0,0032 | 0,0014 | 0,0014 | 0,5 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Көміртегі оксиді | 0,044 | 0,023 | 0,0211 | 5,0 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Күкірт қышқылы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Шаң | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,3 | Бұзушылықтар жоқ |

**№2 кесте**

**Су ресурстары, ағынды сулар**

| *Әсер ететін көздердің атаулары (бақылау нүктелері)* | *Ластаушызаттардың атаулары* | *Белгіленген норма-тив (мг/дм³)* | *Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) I тоқсан* | *Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм3) II тоқсан* | *Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм³) III тоқсан* | *Бұзушылықтар-ды жою жөніндегі ұсыныстар* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Тазарту алаңдарының ағынды сулары | Жүзгін заттар | 39,9 | 33,0 | 35,3 | 35,2 | Бұзушылық-тар жоқ |
| | Аммонийлі азот | 4,9 | 3,5 | 3,5 | 3,4 | |
| | БПК 5 ОБТ - оттегін биологиялық тұтыну | 40,0 | 31,6 | 30,5 | 30,6 | |
| | СБАЗ - синтетикалық беттік әрекеттік заты | 5,0 | 1,4 | 1,9 | 1,8 | |
| | Хлоридтер | 348,0 | 251,7 | 244,4 | 244,3 | |
| | Сульфаттар | 300,0 | 182,4 | 182,4 | 182,3 | |
| | Нитриттік азот | 3,3 | 0,045 | 0,031 | 0,030 | |
| | Нитраттық азот | 44,0 | 15,2 | 17,2 | 17,1 | |

**№ 3кесте**

**Радиациялық мониторинг**

| *Әсер ету көздерінің атаулары* | *Белгіленген норматив (мкЗв/ч)* | *Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) I тоқсан* | *Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) II тоқсан* | *Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) III тоқсан* | *Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | | 5 |
| *Кәсіпорынның санитарлық қорғау аумағы* | 0,3 | 0,12-0,15 | 0,12-0,15 | 0,13-0,15 | Бұзушылықтар жоқ |

**«Байкен-U» ЖШС**
**Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау секторы**

# МҰРАГЕРЛІК КУӘЛІК АЛЫҢЫЗ

**Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде**

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Өсербайұлы,16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2019 жылы 4-шілдеде қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Н.Түршеков көшесі, №131 үйде тұрған азаматша Дуйсебекова Зоянның, 2019 жылы 20-қарашада қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қаратөбе ауылында тұрған азамат Байарыстанов Сарсенхан Молдабековичтің атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды.

Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.

# КӨШЕГЕ АТ БЕРУ ТУРАЛЫ

Жаңарық ауылдық округіндегі жергілікті қоғамдастық мүшелерінің 23.12.2019 жылғы жиналысында Жаңарық ауылындағы Ә.Тәжібаев көшесіне Ұлы Отан соғысына теңестірілген тыл және Еңбек ардагері Түрсіматов Исанның және Ауыл-жылы көшесіне «Құрмет белгісі» орденінің иегері және Еңбек ардагері Әбсадықов Әметтің есімімен қайта атау туралы мәселе қаралды, жиынға ауыл тұрғындары қатысып, ұсыныс пікірлері тыңдалды.

Жиынға қатысқан ауыл тұрғындары дауыс беру қорытындысымен толығымен «қолдап» қорытындыланғанын хабарлайды.

# АСҚА ШАҚЫРУ

Аяулы ата-анамыз Сейітұлы Садық және Әнипа Әбдібекқызының бізді өмірге әкеліп, жарық күннің нұрын сыйлаған теңдессіз тартуын біз ешнәрсемен де теңдестіре алмаймыз. 6 ұл, 3 қызды тәрбиелеп, жетілдіріп, ешкімнен кем етпей, мәпелеп бағып жетілдірген асыл жандардың адал пейілі, алғаусыз сүйіспеншілігі, мейір-шапағаты біздің жүрегіміздің түкпірінде мәңгілікке сақталады. Олар өмірімізге өсиет еткен тағылымдарын ешуақытта есімізден шығармай, аманатына адалдық танытуды басты борышымыз санаймыз.

Сағындық, қос аяулы қадірменім,
Өзіңсіз жабырқаулы жаным менің.
Толмайды екен ешуақытта орындарың,
Перзенттік парызымды орындармын.
Арқа сүйеп өзіңе еркелеген,
Ізіңді жалғастырған өркенің ем.
Жатқан жерің жай болсын қос ардағым,
Күн сайын өздеріңе дұға арнадым.

Құрметті әлеумет! Ата-анамыз Сейітұлы Садық пен Әнипа Әбдібекқызының жылдық асы 2020 жылғы 4 қаңтар күні сағат 12-00 де Жаңақорған кенті, Қорасат Ата көшесіндегі Орталық мешітінде өтетінін хабарлаймыз.

**Ас иелері Сейітовтар отбасы**